# НҰРА

№ 14 (5202) жұма
1 сәуір 2011 жыл

*Газет 1963 жылдан бастап шығады Аудандық қоғамдық саяси газеті*





**3 сәуір 2011 жыл Қазақстан Республикасы ПРЕЗИДЕНТІНІҢ кезектен тыс САЙЛАУЫ**

**3 апреля 2011 года внеочередные ВЫБОРЫ ПРЕЗИДЕНТА Республики Казахстан**

# *Құрметті нұралықтар!*

## Баршамыз сайлауға бір адамдай қатысайық!

# Ел келешегі - біздің таңдауымызда!



**Нұрғайша Усабаева, Қазақ ССРінің еңбек сіңірген мұғалімі, зейнеткер ұстаз:**

### ХАЛЫҚ ҚАЛАУЫ

Сүйер ұлың болса, сен сүй:
Сүйінерге жарар ол.
Абай.

3 сәуірде болатын ел Президентінің кезектен тыс сайлауында халық қалауы айқындалады. Ел ертеңі үшін таңдау жасалар жауапты сәтте Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тәуелсіз мемлекетіміздің экономикалық іргетасын қалыптастырудан бастау алған ерен еңбегіне ой жүгіртейікші.

Билікті қолына алған сәттен бастап ел бірлігін сақтауды саясатының туы етіп ұстап келеді. Совет одағы таркағаннан кейінгі қиын-қыстау кезінде ырың-жырыңға жол бермей, ынтымақ, бірліктің арқасында ел тыныштығын сақтап, өзін кемеңгер саясаткер ретінде танытты. Саясатта салқындылық, төзімділік, табандылық керек екендігін ұлы істерімен шебер дәлелдеді. Халқымен етене Елбасына риза болып, оған әбден сенген ел азаматының соңынан ерді. Ері де елін адастырмай, сенімін ақтады. Дағдарыстың тығырығынан алып шықты.

Сүйер ұлың болса, сен сүй:
Сүйінерге жарар ол,- деген осы да.

Қазақстан халқы тәуелсіздік жылдарында экономикалық саяси және әлеуметтік реформалардың табысты жүзеге асуы Елбасының стратегиялық көрегендігінің нәтижесі деп біледі. Елімізде еңбектеген баладан бастап, еңкейген кәріге дейін қамқорлыққа бөленген. Халықтың әл-ауқаты жылдан-жылға көтеріліп келеді. Тыныштық пен тұрақтылық жағдайында қазақстандықтар еңбек етіп, білім алуда.

Жылдың ең басты құжаты саналатын «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» атты Елбасының Жолдауында мемлекет өмірінің мәселелері, халықтың әл-ауқатын көтеру, мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, т.б. жан-жақты барлық сала қамтылған. Осындай кемел болашаққа бастайтын Ұлы көштің басынан халық, әрине, ұлт көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевты көруді қалайды. Сондықтан Президенттің кезектен тыс сайлауында халық таңдауы, меніңше, айқын.

**Құрметті нұралықтар, конституциялық құқығымызды пайдаланып сайлау күні ұйымшылдық танытайық. Бәріміз,бір кісідей болып өз сайлау учаскелерімізге келіп, таңдауымызды жасайық. Бұл сайлау – саяси-тарихи, маңызы зор оқиға. Қазақстан Республикасының болашағы айқындалатын күн. Қазақстан үшін, Қазақстанның болашағы үшін дауыс берейік!**

**Георгий Прокоп, директор элитно- семеноводческого хозяйства ТОО«Шахтерское», депутат районного маслихата, кавалер орденов «Парасат», «Құрмет»:**



**Земля Казахстана единством сильна. Для меня понятие «земля» очень емкое. Это поле , которое кормит, и родной край, моя страна, которой с полным правом можно гордиться.**

Глава государства, Нурсултан Абишевич уделяет большое внимание развитию аграрной отрасли. И всегда подчеркивал, что аул - это начало всех начал, средоточие народных традиций, обычаев и национальной культуры.

Реальные и зримые перемены произошли в период предложенной Президентом трехлетней программы поддержки села. Эти три года можно считать точкой отсчета нового уровня хозяйствования в агропромышленном комплексе.

Закон «О государственной поддержке агропромышленного комплекса и сельских территорий» перевел заботу о сельскохозяйственной отрасли в практическую плоскость и на постоянную основу.

А сейчас перед аграриями поставлены три задачи: повысить производительность труда в агропромышленном комплексе, обеспечить внутренний рынок продовольственных товаров отечественными продуктами питания и наращивать экспортный потенциал. Определены и пути решения. Вполне реальной представляется стратегическая цель – занять свою нишу на внешнем рынке. Многие страны уже убедились в том, что Казахстан производит экологически чистую, а значит, полезную для здоровья сельхозпродукцию.

Всех сельских жителей, не может не радовать, что техническое перевооружение и широко-масштабная модернизация аграрного производства теперь возведены в ранг государственной политики. Выделяются огромные средства для льготного кредитования. Аграрный бизнес находится в зоне особого внимания и местных властей. Крупные инвестиционные проекты реализуются именно в сельскохозяйственной отрасли.

Нурсултан Абишевич Назарбаев не однажды говорил, что, сплотившись во имя достижения целей, определенных Стратегией развития до 2030 года, мы с успехом выполним свою миссию – построим независимый, стабильный и процветающий Казахстан.

**Я тоже верю в успех.**

**Поскольку любые трудности преодолимы, если у руля страны стоит поистине народный Президент.**

**В данном случае определение «народный» звучит как самое высокое звание.**

**ҚҰРМЕТТІ САЙЛАУШЫЛАР!**
**Бюллетеньді алған соң,**
**Сіз өзіңіз жақтап дауыс беретін кандидаттың тегінің оң жағындағы бос шаршыға кез келген белгі қоясыз.**

**УВАЖАЕМЫЕ ИЗБИРАТЕЛИ!**
**Получив бюллетень,**
**Вы ставите любую отметку в пустом квадрате справа от фамилии кандидата, за которого вы голосуете.**

*Бюллетеннің үлгісі*
*Образец бюллетеня*

**2011 жылғы 3 сәуірдегі**
**Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауы жөніндегі**
**САЙЛАУ БЮЛЛЕТЕНІ**

**ИЗБИРАТЕЛЬНЫЙ БЮЛЛЕТЕНЬ**
**по внеочередным выборам Президента Республики Казахстан**
**3 апреля 2011 года**
**Өзіңіз жақтап дауыс беретін кандидаттың тегінің оң жағындағы бос шаршыға кез келген белгі қойыңыз**
**Поставьте любую отметку в пустом квадрате справа от фамилии кандидата, за которого вы голосуете.**

| | «Жақтап» дауыс беремін Голосую «За» |
|---|---|
| Тегі, аты, әкесінің аты Фамилия, имя, отчество | |
| Тегі, аты, әкесінің аты Фамилия, имя, отчество | |
| Тегі, аты, әкесінің аты Фамилия, имя, отчество | |
| Тегі, аты, әкесінің аты Фамилия, имя, отчество | |
| Тегі, аты, әкесінің аты Фамилия, имя, отчество | |
| Тегі, аты, әкесінің аты Фамилия, имя, отчество | |

Бір кандидаттан артық белгіленген немесе сайлаушының ерік білдіруін анықтау мүмкін емес бюллетень жарамсыз деп танылады.

Недействительным признается бюллетень, в котором отмечено более одного кандидата или в котором невозможно определить волеизъявление избирателя.

## Аудан басшысына ризамыз

Ауыз су мәселесіне Елбасы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев ерекше көңіл бөлуде. «Ауыз су» бағдарламасы қабылданып, жүзеге асырылды.

Біздің ауылымыз – шағын ауыл болғанымен, көптен бері ауыз су тапшылығын көруде. Осыдан 15-20 жыл бұрын тартылған су құбырлары шіріп, қайта-қайта тесіліп, тұрғындарды әуреге салып келді.

Осы мәселені біз аудан әкімі С.Шайдаровтың алдында көтерген едік. Сол сөзіміз жерде қалмай өткен жылда аудан басшысы аудандық бюджеттен 2,2 млн. теңге қаржы бөліп, "Қаратал" КМКны су құбырларына күрделі жөндеу жүргізді. 7 су колонкалары қойылды. Су сарқырап ағып тұр. Ауыл тұрғындары дән риза.

**Рыспай Аязбеков,**
**Өндіріс ауылы**

## ЕЛ БАҚЫТЫН КҮЗЕТКЕН

Бақты тербеп, зымырап жел өткенде,
Тұрады ғой бір-бірін демеп пенде.
Халқың үшін бәйгеге түстің тағы,
Халқыңды жақсы көрген себептен де.

Саған құлақ түреді сабырлы елің,
Тоқтай қалып тыңдайды дауыл,
желің.
Сәбилерін сүйдің сен өз баландай
Кәрілерін әкендей қадірледің.

Шіркін өмір қоңыржай, көк аралы
Қайта-қайта ойыңа оралады.
Елге жаны ашитын ерлер ғана,
Ел сүйетін ел басы бола алады.

Нұрға, гүлге толтырдың мекеніңді
Міндеттісің жасауға екі елуді.
Біледі елің, ол үшін өміріңді
Қиюға да сен әзір екеніңді.

Көзді жұмып көңілге ердің асқақ,
Тау секілді бұлттарды, желді жасқап.
Көріп жүрміз біз оны көптен бері
Барасың сен бақытқа елді бастап.

Өзің келіп көздерін аш тұманың,
Көктем сайын гүлдерін ашты бағың.
Көп нәрсені айтады көрер көзге
Беттегі әжім, көбейген шаштың ағы.

Сол көктемдей жеріңді бөле нұрға,
Көрік біте бастасын көне жырға.
Ел де сенім білдірер деп ойлаймын,
Елдің қамын ертеден жеген ұлға.

Бастай бергін халқыңды биік қырға,
Тола берсін көкірек, көңіл жырға.
Ел бақытын күзеткен сенің көзің
Әрқашан да тұрады толып нұрға.

Елің үшін тағы да түстің бәске,
Өткен өмір күреспен бәрі де есте.
Аламанның алдынан кезіккен бұл
Күтем сені, бауырым, күтем әсте.

Қыран елі, қияшыл бүркіт елі,
Жамандықты жасқайды, үркітеді.
Алатау да күтеді сені туған
Атырау мен Ұлытау бір күтеді.

Алдамайды алыпты арманшыл үміт,
Аялаймыз өзіңді орманша ұғып.
Нұрсұлтаным бөйгеден келеді деп
Алтайың да күтеді алдан шығып.

Әрқашан да халқына берері көп
Ерте күннен жаңылған ер еді деп.
Ақ Жайығың күтеді, қара Ертісің,
Нұрсұлтаным бәйгеден келеді деп.

Бастайды алға алыпты сенім сері,
Басылмайды қуанып көңіл селі.
Аламанның алдынан келеді деп,
Туған елің күтеді, ерім сені.

**Тұманбай МОЛДАҒАЛИЕВ,**
Қазақстанның халық жазушысы.

## Я - ЗА МИР И СОГЛАСИЕ

Политика мира и согласия в стране, стабильного развития проводится Первым Президентом со дня обретения государством Независимости. Эта стратегия вывела Казахстан в число успешных государств не только на постсоветском пространстве, но и на всем Евразийском континенте.

Но главным сегодня является тот неоспоримый факт, что Нурсултан Назарбаев нужен Казахстану в качестве политического лидера. Это результат общенационального консенсуса, в котором проявился прагматизм народа.

В канун двадцатилетия Независимости признано всеми, что Казахстан состоялся как государство в экономическом, политическом плане. Он явил миру уникальную модель межэтнической толерантности и политики мира и согласия, диалога культур и цивилизаций.

Люди готовы идти за Назарбаевым, потому что связывают с ним свое нормальное будущее, мир и стабильность в семьях, судьбы детей. Казахстанская модель межэтнической толерантности и общественного согласия Нурсултана Назарбаева стала визитной карточкой страны.

На XVI сессии Ассамблеи народа Казахстан Президент страны отметил: «...Хочу обратить особое внимание на то, что стабильность и согласие – это большая ежедневная работа, которую нужно проводить из года в год, из поколения в поколение. Согласие и единство надо беречь каждому казахстанцу, к какому бы этносу он ни принадлежал. Ибо от этого зависит благополучие нашей Родины, благополучие и будущее каждого казахстанца».

Я,как гражданка Казахстана, как женщина, хранительница домашнего очага, убеждена, что главным для всех, везде и всегда является мир. Мир в семье, в стране. И гарантом того, что мы сохраним наше главное достояние, был и остается действующий Президент страны.

**А.Русол,**
**многодетная мать, пос.Киевка.**

## Акция: «Я голосую впервые ....

Агитационная группа, куда вошли доверенные лица и волонтёры избирательного участка № 379, за время агитационной компании провели встречи с избирателями ТОО «Карой»( доверенное лицо Приб В.Э.), с членами крестьянских хозяйств, организовали встречу избирателей с председателем Нуринского районного штаба по поддержке кандидата в Президенты РК Н.А.Назарбаева- с Прокоп Г.Г., а также с руководителем районной инициативной группы- с Рахимовым Б.Р., оформляли агитационные стенды и провели несколько обходов поквартирно с материалами предвыборной агитации.

25 марта по инициативе доверенных лиц кандидата в Президенты РК Назарбаева Н.А. : А.Максутовой и Ж.Байсалова была проведена предвыборная акция: « Я голосую впервые ...», с приглашением для встречи за « круглым столом » избирателей Ж. Маканова , Г. Байсеитову, С.Туманбаеву, а также девяностодевятилетнюю Айымкул апа. Молодым избирателям агитатор М.Пшембаев разъяснял об их правах и порядке голосовании, ссылаясь на основные нормативно-правовые акты, регулирующие избирательный процесс в Казахстане.

Затем слово имела старожитель села Пшембаева Айымкул апа( 1912 г. р.): « ...мен бір ғасырға жуық өмірімде елімізде талай-талай қилы кезеңдер өткендігінің куәгерімін. Қасқағым мерзімде 20 жылға толып отырған өскелең мемлекетіміз озық елдердің өзіне үлгі-өнеге болып отырғанын да біліп отырмын. Баршаңызға айтарым: осы жетістіктің бәрі- халқымыздың ауызбірлігінің, оны басқарып отырған Нұрсұлтан патшамыздың ұлы табысы. Жастарға айтарым: ең бастысы – тәуелсіздікті бағалай біліңдер, ол деген теңдесі жоқ құндылық. Мен сияқты ұзақ жасап, алланың берген денсаулығымен қызмет етсін – деп, сайлау күні дауысымды Нұрсұлтанініме, халқымның көшбасшысына беремін».



Ученику 11 класса Каройской СШ Маканову Жамбыл в феврале исполнилось 18 лет . Он сказал: « Я, Маканов Жамбыл , накануне 20-летия Независимости республики, на основании Конституции страны на внеочередных выборах в Президенты РК, голосую впервые. Уверен в том, что сделано Президентом Н.А. Назарбаевым за 20 лет, всё это делается для моих сверстников. Я знаю: молодую страну поднимать молодым. И скажу: жить, учиться и трудиться во благо Родины – мой приоритет в будущем. Приложу знания и силы, чтобы сохранить и укрепить наше общее достояние – Независимость, приумножить достижения страны. И в день выборов в числе первых и первый свой голос отдам за кандидата в Президенты РК Н.А. Назарбаева ».Его поддержали и другие молодые избиратели.



Своими поздравленими в адрес молодых избирателей и с призывом присутствующих проголосовать за кандидата НДП « НурОтан» Нурсултан Абишевича выступила доверенное лицо названного кандидата А. Максутова. Итоги « круглого стола » подвёл инициатор данного мероприятия Байсалов Ж.М.

**Ж.М. Байсалов**
**доверенное лицо кандидата**
**в Президенты РК Н.Назарбаева**

**ҚҰРМЕТТІ НҰРАЛЫҚТАР!**

**3 сәуір күні бүкіл аудан елді мекендерінде мерекелік сауда және мәдени-көпшілік іс-шаралар ұйымдастырылады.**
**Киевка кентінде сағат 11-ден мынадай спорттық сайыстар өтеді: «Нұра» стадионында волейбол сайысы, №2 орта мектеп спортзалында – «Тоғыз құмалық» және үстел теннисі, №1 орта мектебінде дойбы, шахмет сайыстары, «Тәуелсіздік» саябағында кіші – футбол сайысы.**

**УВАЖАЕМЫЕ НУРИНЦЫ!**

**3 апреля во всех населенных пунктах района будут организованы культурно-массовые мероприятия и праздничная торговля.**
**В поселке Киевка с 11 часов начинаются спортивные соревнования по волейболу – стадион «Нура», настольному теннису и тогыз кумалак в спортивном зале средней школы №2, соревнования по шашкам и шахматам в средней школе №1, мини – футболу в парке «Тауелсиздик».**

# 3 сәуір 2011 жыл Қазақстан Республикасы ПРЕЗИДЕНТІНІҢ кезектен тыс САЙЛАУЫ
# 3 апреля 2011 года внеочередные ВЫБОРЫ ПРЕЗИДЕНТА Республики Казахстан

## Қазақстан үшін дауыс бер!
## Сенің таңдауың - сенің болашағың!

## 3сәуірде ПРЕЗИДЕНТ САЙЛАУЫНА кел!

## ГОЛОСУЙ за Казахстан!
## ТВОЙ выбор - твое будущее!

## Приходи 3 апреля на выборы ПРЕЗИДЕНТА!

## Выбор сделан

Повсеместно в нашей стране проводятся Фестивали молодых семей «Моя семья голосует ЗА!». Главными задачами подобных мероприятий являются пропаганда мер государственной поддержки института молодой семьи, демонстрация значимости и важности статуса социально-благополучной семьи.

Фестивали проводятся в любом доступном формате. Так, в конференц-зале районного филиала НДП «Нур Отан» прошла встреча молодых семей. Особый интерес вызвала совсем молодая семья Жупеновых, их браку исполнилось всего месяц. Глава семьи Ернар Жамбырбаевич окончил колледж «Болашак», его специальность очень престижна – информационные системы. Но по специальности Ернар еще не смог устроиться, однако считает, что главное сейчас обустроить быт семьи. И берется за любую работу. Его совсем юная супруга красавица Асель парикмахер по профессии, и , кто знает, может со временем именно она будет самым модным стилистом в нашем районе. А пока она смущается от общего внимания.

Когда речь во время встречи зашла о конституционном праве избирать и быть избранным, Ернар вспомнил свое первое участие в голосовании.

- Было волнение от мысли, правильный ли выбор сделал, того ли кандидата поддержал. А сейчас в канун выборов Президента страны таких мыслей не возникает. Выбор нами сделан, и считаю, что дела нашего кандидата, его колоссальный вклад в становление независимого государства подтверждают это.

И в столь ответственный момент, как выборы Президента, семья Жупеновых пойдет в полном составе - это почетная обязанность каждого гражданина страны. Тем более, что Асель голосовать будет впервые.

Семья Ташмагамбетовых тоже пойдет на выборы в полном составе. Как считает Берик Жолдыбаевич, их жизненный путь наглядное свидетельство внимания государства к молодой семье.

Сам Берик работает учителем физкультуры в Киевской средней школе №1, участвует в областных и республиканских соревнованиях по казакша-курес, занимается активной общественной деятельностью. Является исполнительным секретарем МК «Жас Отан».

- Во всех этих достижениях заслуга нашего государства, которое поддерживает творческую инициативу молодежи, дает возможность реализовать себя.- считает Берик Жолдыбаевич. – Мне, как молодому специалисту, выделили благоустроенную, комфортную квартиру. В этом же доме получили жилье многие молодые семьи и молодые специалисты, так нужные на селе.

Супруга Берика Гульден работает в отделе сельского хозяйства. И ее мнение тоже однозначно - для молодых семей, для их благополучия делается многое. Поэтому на выборы они пойдут не только всей семьей, а и всем домом.

Участница встречи, член районного общественного штаба Кандидата в Президенты РК Н.А.Назарбаева Жазира Нурашевна Султанбекова также считает, что у нас создаются все условия для становления и развития молодых. После окончания колледжа Жазира начала работу по государственной программе «Молодежная практика» в районном отделе образования, физкультуры и спорта. Затем после окончания практики осталась здесь работать. Она тоже будет голосовать впервые. И голосуя за своего Кандидата, она будет голосовать за стабильное, цветущее будущее страны.

Как явствует из глубоко содержательного разговора во время встречи, молодежь четко осознает свои конституционные обязанности и права. И выбор сделан ими во имя процветания страны, во имя Казахстана.

**С.Омарова,**
**член Союза журналистов Казахстана**

## ЕЛБАСЫ ЖОЛДАУЫ – ИГІ АРМАНДАР БАСТАУЫ

Қазақстан халқы Елбасының жылдағы дәстүрі жолдауын ерекше толғаныспен, ақ үмітпен күтетін болды. Себебі Елбасының жолдауы еліміздің айнасындай өткен жылдың атқарылған игі істерін, жеткен жетістіктерін жеткізе көрсетіп, жана даму жолындағы жетер жетістіктер жайлы баяндайды. Ең бастысы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев елдің жағдайын, халықтың ахуалының жай күйін шынайы түрде айтады. Елбасының биылғы яғни 2011 жылдын 28 қантарындағы "Болашақтың іргесін қалаймыз " атты Қазақстан халқына жолдауын еліміздің бар жұртшылығы зор ықыласпен қабылдағанына сенімім мол. Бұл маңызды құжатта Елбасы халық игілігі үшін, әлеуметтік, экономикалық және саяси бағытта жана мақсаттар мен міндеттер қойып отыр.

Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығы қарсаңында өміршең салалардағы бар мәселені қамтыған Елбасы жолдауы, жұртшылықтың көкейіндегі бар сұраққа жауап бергендей. Елбасының сындары саясаты мен шексіз қамқорлығы, қалтықсыз қызмет жолдары әр азаматтың жүрегіне жол тауып арман мақсатына жетелей түсуде. Ауыл тұрғындарының жүректеріне сенім мен үміт оттарын жағып болашақты айқындай түсті. Биылғы жолдауда ауыл өңірлеріне көп көңіл бөлген, ауыл шаруашылығын көтеру мақсатында мал санын арттырып оны асылдандыру, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту мақсатында қомақты қаржы бөлінбек, ауылдық жерлерде ауыз су мәселесіне мейлінше көңіл бөліп, 2020 жылға дейін таза ауыз сумен қамтуды 95%-ға жеткізуді тапсырды.

Биылғы жылы білім саласына бөлінген қаржы 10 есеге өскені, 2015 жылға дейін тағы 200 мектеп салынатыны айтылады. Биылғы жылы зейнетақы қаңтар айынан 30%-ға, ал шілде айынан бюджет саласындағыдардың жалақысы 30%-ға көтерілмек.

Міне,осының бәрі Елбасымыздың "Басты міндет-халықтың өмірлік хал-ахуалын, әлеуметтік жағдайын нығайту" жолындағы берік ұстанымы, және де Қазақстан халқының сапалы өмір сүруі үшін жасап отырған шексіз еңбегінің тағы да бір дәлелі.

Сондықтан да бәріңізді, елімнің бір патриот азаматы ретінде алдағы сайлауға қатысып Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлына дауыс беруге шақырамын.

**Стал Қоқанов,**
**Кертінді ауылы.**

## УВАЖАЕМЫЕ ИЗБИРАТЕЛИ ПОСЕЛКА КИЕВКА!

**Еще раз сообщаем ГРАНИЦЫ избирательных участков по внеочередным выборам Президента Республики Казахстан**

**ИЗБИРАТЕЛЬНЫЙ УЧАСТОК №375**

(Центр – РДК п.Киевка) в границах: ул.С.Сейфуллина, д. № 2 – 70, д. № 83 – 91, ул.Тәуелсіздік (Ленина), д. № 2 – 28, д. № 1- 63, ул. Талжанова, д. № 2 – 40, д. № 1 – 27, ул. Сулейменовых, д. № 2 – 56, д. № 1 – 69, ул.Айнабекова д. № 2 - 58, д. № 1 - 69, ул.Вольфа, д. № 2 - 46, д. № 1 - 61, ул Щербина, д. № 2 - 50, д. № 1 - 59, ул.Макулова, д. №2 - 30, д.№ 1 - 9, ул.Плешакова, д. № 2 - 58, д. № 1 - 59, ул. Кунаева, д. № 1 - 27, д. № 2 - 48, ул.Абая, д. № 2 - 52, д. № 1 - 35, ул. Мынбаева, д. № 2 - 52, д. № 1 - 73, ул.40 лет Победы, д.№ 2 - 54,д. № 1 - 21, ул.Колодия д. № 1-37, ул. Жамбыла (Кирова), д. № 45 -57, д. № 52 - 76

**ИЗБИРАТЕЛЬНЫЙ УЧАСТОК №376**

(Центр – ДЭУ-48 п.Киевка) в границах: ул.Кунаева, д. № 50 - 60, ул.Вольфа, д. № 48 - 86, д. № 67 - 85, ул Айнабекова, д. № 60 - 100, д. № 71 - 81, ул.Сулейменовых, д. № 60 - 64, д. № 71 - 79, ул Талжанова, д. № 46 - 68, д. № 31 - 67, ул.Тәуелсіздік (Ленина), д.№ 38 - 80, д. № 65 - 77, ул.Сейфуллина, д. № 72 - 106, д. № 95 - 125, ул.Мира, д. № 38 - 48, д. № 45 - 61, ул.Ш.Уалиханова (Пржевальского), д. № 38 - 50, д. № 35 - 59, ул.Колодия, д. № 2 - 44, ул.Пушкина, д. № 2 - 30, д. № 1 - 27, ул.Старчева, д. № 2 -48, д. № 1 - 43, ул.Масалина, д. № 2 - 16, д. № 1 - 29, ул.Строительная, д. № 2 - 8, д. № 1 -11, ул.Торговая, д. № 2 - 4, д. № 1 - 5, ул.Резника, д. № 2 - 66, д. № 1 - 55, ул.Христенко, д. 2 - 52. д.№ 1 - 33, ул.Горького, д. № 2- 18, д.№ 1 - 13, ул.Балабиева, д. № 28 - 42, д. № 31 - 41.

**ИЗБИРАТЕЛЬНЫЙ УЧАСТОК №377**

(Центр – КСШ №3 п.Киевка) в границах: ул.Сейфулина, д. № 1 - 79, ул.Жамбыла (Кирова), д. № 2 - 48, д. № 1 - 41, ул.Мира, д. № 2 - 36, д. № 1 - 43, ул. Ш.Уалиханова (Пржевальского), д. № 2 - 36, д. № 1 - 33, ул.Победы, д. № 2 - 16, д. № 1-13, ул.Космонавтов, д. № 2 - 16. д. № 1 - 29, ул.Акпасова, д. № 2 - 32, д. № 1 - 33, ул.Ж.Нұрмағанбетұлы (Скалозубова), д. № 2 -10, д.№ 1-19, ул.Асылбекова, д. № 2 - 18, д. № 1 - 21, ул.Тусупова, д. № 2 - 18, д. № 1 -17, ул.Смагулова, д. № 2 - 6, д. № 1 - 7, ул.Кунаева, д. № 37 -65, д. №64- 70, ул.Абая, д. № 62 - 102, д. № 49 - 91, ул.Мынбаева, д. № 56 - 104, д. № 75 -135, ул.40 лет Победы, д. № 56 - 96, д.№ 23-37, ул.Балабиева д.№ 2 - 26, № 1 -29.

**Аким поселка Киевка И.Пронин**

**Уважаемые избиратели поселка Киевка!**

**3 апреля 2011 года для доставки избирателей к избирательным участкам организовано движение автобусов по следующим маршрутам:**

**Маршрут №1 избирательного участка №375(Дом культуры)**

1. ул.Плешакова -магазин «Ак жол»
2. Остановка Баня
3. Остановка магазин «Восток»
4. Остановка угол ул.Мынбаева и ул.Айнабекова
5. Остановка магазин «Жибек жолы»
6. Остановка угол ул.Мынбаева и ул.Вольфа
7. Остановка угол ул.Вольфа и ул.Абая
8. Остановка угол ул.Кунаева и ул.Айнабекова
9. Остановка Дом культуры

**Маршрут №2 по избирательному участку №376(контора ДЭУ -48)**

1. Остановка Мечеть
2. Остановка угол ул.Колодия и ул.Мира
3. Остановка угол ул.Сейфуллина и ул.Старчева
4. магазин «Каратал»
5. Остановка ДЭУ-48
6. Остановка магазин «Миллениум»
7. угол ул.Талжанова и ул.Колодия
8. Остановка старый Пивзавод
9. Остановка угол ул.Вольфа и ул.Старчева
10. Остановка угол ул.Вольфа и ул.П.Резника
11. Остановка угол ул.Христенко и ул.Айнабекова
12. ДЭУ -48

**Маршрут №3 по избирательному участку №377(КСШ№3)**

1. Остановка угол ул.40 лет Победы и ул.Жамбыла
2. Остановка старый ресторан
3. Остановка угол ул.Мынбаева и ул.Балабиева
4. Остановка КСШ №3
5. Остановка ул.Акпасова дом №30
6. Остановка угол ул.Нұрмағамбетұлы и трасса
7. Остановка магазин «Шапағат»
8. Остановка угол ул.Абая и ул.Победы
9. Остановка угол ул.Абая и ул.Жамбыла
10. Остановка угол ул.Кунаева и ул.Жамбыла
11. Остановка КСШ №№

**Начало движения в 7 00 утра, интервал движения 1 час.**

**Райизбирком**

## Уважаемые жители села Нуринского района!

В КГКП ЦРБ Нуринского района на 2011 год размещен государственный заказ по оказанию гарантированного объема бесплатной медицинской помощи населению.

В 2010 году КГКП ЦРБ Нуринского района успешно прошла аккредитацию и получила свидетельство об аккредитации Министерство здравоохранения Республики Казахстан.

Для оказания ГОБМП, качественной медицинской помощи населению района ЦРБ укомплектована квалифицированным медицинским персоналом, работают врачи с первой и второй квалификационной категорией.

Поликлиника и ЦРБ тесно сотрудничает с лечебными учреждениями города, Областным медицинским центром и Областной клинической больницей.

ЦРБ обеспечена современным медицинским оборудованием и техникой, инструментарием, необходимыми медикаментами для проведения лечебно-диагностических процедур, лабораторных и диагностических исследований.

Имеются современные ультразвуковые аппараты, рентген-аппарат, флюроаппарат, функциональной диагностики, эндоскопии, РЭГ головного мозга, кардиофакс.

В поликлинике действует дневной стационар для оказания пациентам стационарозамещающей помощи и медицинской помощи на дому.

Функционирует школа интегрированного ведения болезней детского возраста, где проводятся занятия по грудному вскармливанию и уходу за здоровым и больным ребенком.

В школах проводятся групповые занятия с больными, даются рекомендации, вместе со специалистами обсуждаются просмотренные материалы по лечению больных, пропагандируется здоровый образ жизни.

Ежегодно у нас проводятся профилактические осмотры целевых групп населения, диспансеризация, скрининговые обследования населения по раннему выявлению больных с ИБС, артериальной гипертензией, рака шейки матки, рака молочной железы и дальнейшее их оздоровление .

В соответствии с Постановлением Правительства Республики Казахстан «Об утверждении перечня гарантированного объема бесплатной медицинской помощи» поликлиника оказывает амбулаторно-поликлиническую помощь, включающую: первичную медико-санитарную помощь (ПМСП), консультативно-диагностическую помощь (КДП) по направлению специалиста первичной медико-санитарной помощи и профильных специалистов, а также стационарозамещающую медицинскую помощь по направлению специалиста ПМСП или медицинской организации.

Поликлиника выполняет государственную функцию по оказанию медицинской помощи населению. Государство доверило нам обеспечить население качественной медицинской помощью. Наша цель – повысить качество и объем медицинской помощи.

Мы хотим видеть наше население здоровым и приложим максимум усилий для обеспечения качественной медицинской помощью население. Доброго вам здоровья.

**Б.Мукушева,**
**директор КГКП “ЦРБ Нуринского района”**

**Нұра ауданы әкімі аппаратының және бөлімдерінің сенім телефондары**

| | |
|---|---|
| 1. Аудан әкімі аппараты | 21721 |
| 2. Білім беру, дене шынықтыру және спорт бөлімі | 21898 |
| 3. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі | 22627 |
| 4. Ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі | 22370 |
| 5. Жер қатынастары бөлімі | 21094 |
| 6. Құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі | 22504 |
| 7. Кәсіпкерлік бөлімі | 22126 |
| 8. Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі | 22607 |
| 9. Ішкі саясат бөлімі | 21321 |
| 10.Қаржы бөлімі | 22537 |
| 11.Экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі | 21830 |
| 12.Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі | 22646 |

Аппараттық жиыннан

## Мақсат - білім сапасын арттыру

2010-2011 оқу жылында ауданымызда 24 орта мектеп, 6 негізгі және 8 бастауыш мектеп жұмыс істейді, оның ішінде 21 қазақ 2 орыс, 15 аралас мектептер, барлығы 38 білім беру мекемелерінде 4342 оқушы білім алуда.

ҚР «Білім туралы» заңында мектепке дейінгі білім беру саласына ерекше көңіл бөлінеді.Аудан бойынша 1 жастан 6 жасқа дейінгі балалардың саны – 2363. Қазіргі уақытта ауданымыздың мектепке дейінгі дайындық жүйесінде «Алтын дән» 1 балабақшада 120 және мектептердің жанынан ашылған 27 шағын орталықтарда 1020 бала қамтылған, барлық балалар саны 1140, бұл аудан бойынша мектепке дейінгі тәрбиемен қамту көрсеткіші 92,4 % құрайды.

Сонымен қатар 90 бала балабақша кезекте тұр.

«Балапан» бағдарламасы бойынша 2011 жылы Щербаковский, Заречный , Киров, С.Сейфуллин атындағы орта мектептерінің жанындағы шағын орталықтарындағы 130 орын толық күнге ауысып, тамақтандыру көзделген. Осы мақсатта биылғы жылдың басында республикалық бюджеттен 14 млн 730 тенге қаражат белінді, оның ішінде 8 млн 400 мың теңге материалдық базаны нығайтуға, 2 млн.676 мың теңге ағымдағы жендеу жұмыстарына, 3 млн.654 мың теңге тәрбиешілердің және басқа жұмыскерлердің еңбек ақыларын телеуге.

Бүгін де «Балапан» бағдарламасы аясында атқарылып жатқан игі істің бірі - аудан орталығындағы 95 орындық балабақшаның қайта құру жұмыстары, осы мақсатта облыстық бюджеттен 156 млн. тенге қаражат белінді.

Мұқтаж балаларды қамтамасыз ету үшін «Жалпы білім беру қорын» пайдалану ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысымен бекітілген «Әлеуметтік қорғалмаған білім алушылар мен күнкерісі төмен отбасылардан шыққан білім алушыларға қаржылай және материалдық кемек керсетуге белінетін қаражатты жұмсау» ережесіне сәйкес жұмсалады.

Осы мақсатқа 2010 жылы - 11 млн 257 мың теңге 1050 оқушыға, оның ішінде аз қамтылған отбасы балаларын мектеп жанындағы лагерьлерде тамақтандыруға 2 млн.850 мың теңге, ал 7 млн. 027 мың сырт киім, аяқ киімдер т.б. киім-кешек алуға, 1 млн. 380 мың теңге «Шапағат» сауықтыру лагерінде 60 оқушының демалуына жұмсалды, ал 2011 жылы - 15 млн. 255 мың теңге қаржы 498 оқушыға белінді, оның ішінде 12 млн. 131 мың.тенге күн керісі төмен отбасылардан шыққан оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз етуге, мектеп жанындағы жазғы лагерлерде ыстық тамақпен қамту үшін - 2 млн 700 мың теңге, оқушыларға материалдық кемек (киім) көрсету үшін – 424 мың теңге жоспарланды.

ҚР «Білім туралы» Заңының 6 бабына, 4 тармағына, 14 тармақшасына сәйкес, 2011 жылы білім беру ұйымдарында аз қамтылған және көпбалалы отбасыларының балалары 100 % (пайыз) тегін тамақпен қамтамасыз етілген.

2009-2010 оқу жылында бастауыш сатыда, яғни 1-4 сыныптарда барлығы - 1709 оқушы оқыса, оның - 1312 оқушысы, демек 77 % тегін ыстық тамақпен қамтылды. Тегін ыстық тамақтың құны бір оқушыға 121 теңгені құрады.

Киевка №3 орта мектебі жанындағы мектеп интернатына - 35 оқушы, Өндіріс, Бірінші май, Жаңақұрылыс ауылдарынан тасымалданады.

ҚР «Білім туралы» Заңының 6 бабы 5.2. тармағына сәйкес Изенді, Жанбебек, Құланөтпес, Баршын ауыл әкімдерімен мектепке дейін тегін және кері апта сайын тасымалдау ұйымдастырылған.

- Нұра орта мектебі жанындағы мектеп интернатына - 28 оқушы Кенжарық, Алакөл, екі баз қыстағы елді мекендерден; - Қарақойын орта мектебі жанындағы мектеп интернатына - 10 оқушы Аққолқа ауылынан;- Құланөтпес орта мектебі жанындағы мектеп интернатына – 8 оқушы Нығыман, Ақтүбек ауылдарынан;- Баршын орта мектебі жанындағы мектеп интернатына – 10 оқушы Талдысай, Аршаты, Бестамақ, Тәти ауылдарынан тасымалданады.

Баршын орта мектебіне 7 км қашықтықтағы ескі Баршыннан білім беру, дене шынықтыру және спорт беліміне қарасты ПАЗ -32054 автобусымен 14 оқушыны күнделікті тасымалдау ұйымдастырылған.

2010 жылы интернаттарға жұмсалған қаражат 11 млн.275 мың 383 теңге.

2011 жылы интернаттарға жұмсалатын қаражат 10 млн.643 мың теңге.

Аудандық білім беру ұйымдары педагогикалық кадрлармен толық қамтамасыз етілген. Жұмыс істейтін мұғалімдер саны 907, олардың ішінде жоғары білімді - 710 (78,3 %), аяқталмаған жоғары білімді – 12 (1,3%), орта арнаулы білімді - 185 (20,3 %).

2010 жылы «Дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша 33 педагог келді, оның ішінде 21-і жас мамандар.

Ауылдық жерлердегі әлеуметтік сала мамандарына әлеуметтік қолдау көрсету шараларын жүзеге асыру мақсатында әрбір маманға 98,9 мың теңге келемінде кетерме жәрдем ақы теленді, 13 ұстаз тұрғын үй сатып алу үшін бюджеттік 0,01 пайыз несие алды, 4 ұстазға арендалық тұрғыда үй белінді.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Жаңа әлемдегі – Жаңа Қазақстан» жолдауына сәйкес педагогика қызметкерлердің жұмысына баға беру жүйесін жетілдіру және еңбегін марапаттауға ерекше көңіл белінуде. Білім беру саласында 2008 жылдан бастап жыл сайын Нұра ауданы әкімінің сыйақысы беріліп келеді. Ұлттық бірыңғай тестілеу нәтижесі бойынша, бекітілген ережеге сәйкес 2010 жылы үздік керсеткіштерге қол жеткізген 10 мұғалім 100 мың теңге көлемінде ақшалай сыйлыққа ие болды.

Жыл сайын білім беру саласына жұмсалатын қаржы есірілуде. 2010 жылы білім беру саласына жұмсалған қаржы 1197,0 млн. теңгені құрады.

Жыл сайын теленетін қаржының арта түсуі материалдық базаны анағұрлым жақсартуға, күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік берді.

«Жол картасы» аясында 2010 жылы 9 мектепте жалпы құны 31,9 млн. теңгеге ағымды және күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Осы атқарылған жұмыстар нәтижесінде 2009-2010 жылдарда «Жол картасы» бойынша 23 білім беру объектілері жендеу жұмыстарымен қамтылған.

Материалдық-техникалық базаны нығайтуға 28,9 млн.теңге бөлінді, оның ішінде республикалық бюджеттен 28,9 млн. теңге қаражат белініп 3 биология, 3 лингафонды мультимедиялық кабинеттер алынды, соның нәтижесінде білім беру ұйымдарың оқу кабинеттерімен қамтамасыз ету көрсеткіші 2010 жылы 40% - ға дейін өсті.

2011 жылы білім беру саласына жұмсалатын қаржы 1 млрд 442 млн 992 мың теңгені құрады.

Республикалық бюджеттен 23 млн. 373 мың теңге мектептерді жаңа модификациядағы пәндік кабинеттеріне электрондық оқытуға 7 млн.400 мың теңге, 14 білім беру мекемелеріне ағымды және жөндеу жұмыстарына 42 млн.тенге бөлінді.

Жалпы білім беретін мектептерде барлығы 655 компьютер бар, 1 компьютерге 7 оқушы келеді, сонымен қатар компьютерлік парктің 23 пайызы айырбастауды талап етеді.

Аудан бойынша 15 мультимедиялық кабинеттер орнатылып, іске қосылды, мектептерде бастауыш, орта және жоғары сынып оқушыларына әр пән бойынша электрондық оқулықтар жеткілікті. Интерактивті тақталармен қамтылу 34 пайызды құрап отыр, бүгінгі күні барлық мектептер 100 % интернетке қосылған, 4 мектеп кеңжолақты интернетке шығуға мүмкіндік алып отыр.

Оқушыларды оқулықтармен қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 19 ақпандағы №173 қаулысына сәйкес аз қамтылған және кеп балалы отбасылардан шыққан оқушылар тегін оқулықтармен 100 % қамтамасыз етілді. 2010 жылы 7млн.245 мың теңге бөлінді: оның ішінде – 3245 теңге республикалық бюджеттен, 4 млн. теңге жергілікті бюджеттен белінген. 2011 жылы бұл мақсатқа аудандық бюджеттен 5млн.245 мың теңге бөлінді.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы №1118 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы бекітілді. Бұл бағдарламаны жүзеге асыру мақсатында, еліміздің экономикалық әл-ауқаты үшін бәсекеге қабілетті адами капиталды дамыту, сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз етуіміз қажет.

**Б.Кадырова,**
**Нұра ауданының білім беру,**
**дене шынықтыру және спорт бөлімінің бастығы**

## Ана – өмір тірегі

Міне, тәуелсіздігіміздің 20 жылдығы қарсаңында тағы да Халықаралық әйелдер мейрамы 8-наурызды қарсы алғалы отырмыз. Тәуелсіз мемлекетіміздің әйел-Аналары, қыздары өте бақытты. Қазір қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған заман. Қазақ атамыз: «Өткенді естен шығармау керек» деген. «Аяз, әліңді біл, құмырсқа, жолыңды біл»,- дегендей , қазіргі заманымызға ризашылық білдірейік. Қазіргі қазақ әйелдері бақытты. Әйел ерлермен тең қызмет атқарады. Шаруашылықтың барлық салаларынан, үкімет орындарынан Әйел-Аналарды көріп жүрміз. Сонау елдің еңсесін көтертпеген заманның өзінде де қазақ әйелдері қажыр-қайратынан таймаған. Бойларына мөлдір сезім, сейірімді мінез, қадір-қасиет жия білген. Тән сымбатына жан сымбаты көрік берген. Оған дал махаббат, ақыл, алып жүрек, құрыш білек, өткір тіл, отты жыр қосылып, Аналар ерді, елді еріксіз өздеріне бас идірген жоқ па? Батыр апаларымыз Шығыстың қос жұлдызы Әлия мен Мәншүктің өзі бір тарих емес пе? Қазақ әйелі дегенде әркез көз алдыма осындай бір өшпес бейнелер елестейді.

Қазақ әйелі туралы айтар сыр да, сөз де өте көп. Олар тұнып тұрған шежіре ғой. Ақын елең дерінде халқының жақсы қасиеттерін жыр етеді. Ол – Әйел-Ананың ақылы асса, ел билеуге, батырлығы асса, қол бастауға мүмкіндік алған. Отан-анаға теңеледі.

«Алып- анадар туады», , «Жақсы әйел жаман еркекті би етеді, жаман еркек жақсы әйелді күң етеді». Бұл халық мақалдарынан біз қазақ әйелдерінің өмірді жалғастырушы, түзетуші, ұлы тәрбиеші екенін көреміз.

Қазақ – дала перзенті. Кең – байтақ жерінен қуат алып, қысылып-қымтырылмай, еркін, етек-жеңі кең өскен халық. Сондықтан да қазақ әйелдеріне табиғат дархан да жайдары мінез сыйлаған. Қазақ әйелі қуанса шын қуанар, күйінсе шын күйінер, күлсе көмейінен күміс күлкі төгілер. Ерлермен қатар қай жұмыстарда да, өндірістің, шаруашылықтың қай саласында болсын, ғылым-білім салаларында ерлермен тең түседі.

Мысалы: Қостанай облысындағы бір ауданның шаруашылығын басқарған Зылиха Тамшыбаева, атақты механизатор, Қызыл Жұлдыз Орденінің иегері Кәмшат Дөненбаева, өзіміздің Қарағанды облысы Қарқаралы ауданынан Нұрбақыт Қабдықәрімова, Парламентте отырған апасіңлілеріміз қаншама№ мысалы, халықты әлеуметтік қорғау министрі- Гүлшара Әбдіхалықова, Зағипа Балиева, Гүлжан Қарағұсаова, Айткүл Самақова, Айгүл Соловьева т.б. Фариза Оңғасынова, Заида Елғондинова, Күләш Ахметова, Алтыншаш Жағанова секілді тарихымыздың атақты тұлғаларын мақтан етуге болады. Әйел-ана, әйел-жар, әйел-ақын, әйел-ұстаз, әйел-дәрігер, әйел-механизатор, әйел-дүниенің тұтқасы.

Біздің ауданымызда, ауылымызда да үлгі етер, мақтан тұтар нәзік жанды апасіңлілеріміз баршылық. Үйде ана, адал жар, отбасының берекесі, ұйытқысы бола білген аудандық емханада көп жылдар бойы балалар дәрігері қызметін атқарған Қайырбекова Бақыт Несіпбайқызы. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соныілерсің» дегендей, ата-анасының жолын қуған қыз баласы Салидат Зекенқызы Қайырбекова Денсаулық сақтау министріне дейін көтерілді. Зекен аға да аудандық емхананың бас дәрігері болған. Өкінішке орай, ол кісі өмірден ерте озды.

Жас та болса, бір кезде аудандық аурухананың терапеві болған Қапарова Кәмшат Мәжитқызы қазір Астана қаласының Президент емханасында қызмет атқарады. Қазір Аудандық аурухананы басқарып отырған Мұқышева Бақтығұл Қабылхамитқызы өз ісінің шебері болып саналады. Сырқат адамға оның жылы сезі де кеңілге демеу болады екен. Осы емханада көп жылдан бері балалар дәрігері болған, қазірде бас дәрігердің емдеу ісі жөніндегі орынбасары Балтабаева Зинат Байбекқызына алғысымыз шексіз. Зинат Байбекқызы тек балаларды емдеп қана қоймай, ересек адамдардың да сырқатынан сауықтырып, жандарына жылылық ұялатады. Инфекция бөлімінің меңгерушісі Искакова Гүлнара Досболқызы нағыз адам жанының шипагері. Оның әрбір жылы сезі адамды дәрісіз емдейді.

Білім саласында көп жылдан бері үздіксіз еңбек етіп, халқының алғысына бөленген ұстаздар да жеткілікті. Мысалы, Әкімбекова Әния Әкімбекқызы, Усабаева Нұрғайша Жағанқызы, Шевелева Надежда Константиновна.

